

КЕЗДЕСУ

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР ТҮСІНДІРІЛДІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Айдапкелов аудан активімен және жергілікті тұрғындармен кездесіп, 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау заңнамасына енгізілген жаңашылдықтарды, Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және өзге де қолданыстағы заңнамалық актілерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды кеңінен түсіндірді.



Кездесуге Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі Еркін Жапаров, Жамбыл облысы әкімі аппараты басшысының

орынбасары Бекжан Кеңесбек, аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы, аудандық мәслихат төрағасы Мұхтар Шайдаев, аудан әкімінің

орынбасарлары, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Рүстем Бегалиев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сырлыбаев, аудан әкімі аппаратының басшысы, бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері мен мамандары, құқық қорғау және құзырлы органдардың басшылары, мәслихат депутаттары, жергілікті қауымдастықтың төрағасы, аудандық саяси партиялар филиалдары мен үкіметтік емес ұйымдардың төрағалары мен өкілдері, сайлау комиссияларының мүшелері, БАҚ өкілдері мен жас сайлаушылар клубының мүшелері және жұмысшы жастар қатысты.

Басқосудың негізгі мақсаты – азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сайлау заңнамасындағы жаңашылдықтардың маңызын түсіндіру, сондай-ақ,

азаматтардың сайлау үдерісіне қатысты құқықтары мен міндеттері жөнінде жан-жақты ақпарат беру.

Жиында облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Өмірзақұлы Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңна және басқа да заңнамалық актілерге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы баяндама жасап, олардың құқықтық негіздері мен практикалық қолданылуына тоқталды.

Жаңа қабылданған Конституцияның басты қағидаттары – заң үстемдігі, әділеттілік, тең мүмкіндік, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау екенін айтып, бес негізгі стратегиялық басымдылыққа тоқталды.

→ 2

СҰХБАТ

САЯСИ НАУҚАНҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды оқиға – Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау күні жақындап келеді. Бүгінде аталған саяси науқанды жоғары деңгейде ұйымдастыру мақсатында еліміздің түкпір-түкпірінде, соның ішінде Жамбыл ауданында да қызу дайындық жұмыстары жүргізілуде. Бұл жөнінде аудандық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасы Еламан Алпысбаевпен әңгімелескенде аңғардық.



– Еламан Ғалымжанұлы, аудандық аумақтық сайлау комиссиясы қазіргі уақытта қандай жұмыстар атқаруда?
– Бүгінде аудандық аумақтық

сайлау комиссиясы Құрылтай депутаттарының сайлауын ұйымдастыру және өткізу бойынша кешенді дайындық жұмыстарын жүргізуде. Атап айтқанда, сайлау комиссиялары мүшелерінің біліктілігін арттыруға бағытталған оқыту семинарлары облыстық сайлау комиссиясы тарапынан учаскелік сайлау комиссиясының жұмысы басталғаннан кейін, яғни, 2 тамыздан аумақтық және учаскелік сайлау комиссиясының төраға, төраға орынбасары, хатшыларын оқыту жоспарлануда. Одан бөлек, аумақтық сайлау комиссиясы тарапынан учаскелік

сайлау комиссиялары мүшелерін оқыту бойынша бағдарламалар дайындалуда. Сонымен қатар сайлаушылардың сайлау құқықтарын толық қамтамасыз ету мақсатында мүгедектігі бар азаматтардың дауыс беруіне қолайлы жағдай жасау мәселесіне ерекше назар аударылып, сайлау учаскелерінің қолжетімділік талаптарына сәйкестігі зерделенуде.

– Құрылтай депутаттарының сайлауына дайындық қалай жүргізілуде?

– Құрылтай депутаттарының сайлауына дайындық жұмыстары Қазақстан Республикасы

Орталық сайлау комиссиясының күнтізбелік жоспарына сәйкес жүзеге асырылуда. Аумақтық және учаскелік сайлау комиссиясының құрамы, орналасқан жерлері және шекаралары БАҚ беттері мен ресми сайттарда жарияланды. Сонымен қатар сайлау заңнамасындағы өзгерістер мен ерекшеліктер түсіндіріліп, сайлау процесіне қатысушылар үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылуда. Сайлауды ұйымдастыруға қатысты барлық іс-шаралар заңнама талаптарына сәйкес кезең-кезеңімен орындалуда.

→ 3

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз ✓
ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

ГИБРАТТЫ ҒҰМЫР

ТУҒАН ЖЕРДІҢ
ТҰҒЫРЫН
БИҚТЕТКЕН



Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Туған жердің өсіп-өркендеуіне елеулі үлес қосып, ғұмырын елдің игілігіне арнаған азаматтар халықтың шынайы мақтанышына айналары сөзсіз. Ондай жандардың өмір жолы кейінгі ұрпаққа тағылым, елдік пен ерліктің, адалдық пен жауапкершіліктің өлшемі көрсете алады. Қарапайым ауыл баласынан ел басқару ісіне араласып, туған өлкесінің тыныс-тіршілігімен біте қайнасып, ел сенімін ақтап келе жатқан Жамбыл аудандық мәслихатының төрағасы Мұхтар Шайдаев – сондай азаматтардың бірі.

Адамды туған жерден артық тәрбиелейтін мектеп жоқ шығар. Балалықтың бал дәмі сіңген топырақ, мандайыңнан сипаған самал, жусан аңқыған кең дала, көкжиекпен астасқан егін алқаптары – бәрі адамның мінезін қалыптастырып, өмірге деген көзқарасын айқындайды. Мұхтар Бекзатұлының ғұмыры да осындай қасиетті мекен Жамбыл ауданының Қаракемер ауылынан басталады.

1966 жылы көпбалалы қарапайым отбасында дүниеге келген ол жастайынан мандай тердің қадірін біліп өсті. Ол кезеңде ауыл баласының балалығының өзі еңбекпен өрілетін. Жазғы демалыс деген ұғым ойынмен емес, егін даласымен, шөп шабумен, мал бағумен астасатын. Сол еңбек мектебі оның мінезіне табандылықты, сабырлықты, төзімділікті, ең бастысы, адалдықты сіңірді.



Соңы. Басы 1-бетте

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР ТҮСІНДІРІЛДІ

Олар:

Бірінші – мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру көзделген. Бұл мемлекеттік органдардың тиімділігін арттырып, олардың жауапкершілігін күшейтуге және шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Екінші басымдық – экономиканы жаңа сапалық деңгейге көтеру. Инвестиция тарту, өндірісті өркендету, ауыл шаруашылығын жаңғырту және кәсіпкерлікті қолдау арқылы тұрақты экономикалық өсімге қол жеткізу.

Үшінші бағыт – энергетикалық және инфрақұрылымдық әлеуетті нығайту. Су ресурстарын тиімді пайдалану (бірінші кезекте, Өзбекстан, Қырғызстан Республикасы, Қытай, Ресей мемлекеттері арасындағы трансшекаралық су объектілерін бірлесіп басқару және ұтымды пайдалану мәселелерін қарастыру, жасыл энергияны, АЭС-ті өндіріске енгізу мен логистика саласын дамыту мұнай, газ құбырларының балама маршруттарын ашу мәселелері қарастырылуда) энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, көлік-логистика саласын дамыту және өңірлердің теңгерімді өркендеуіне жағдай жасау).

Төртінші басымдық – цифрлық мемлекетті қалыптастыруға арналған. Заманауи технологияларды енгізу арқылы мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартып, басқару жүйесінің тиімділігін арттыру.

Осыған орай, елімізде Жасанды интеллект туралы заң қабылданды.

Бесінші ең маңызды бағыт – адам капиталын дамыту. Білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, жастар саясаты мен әлеуметтік әділеттілік мәселелеріне басымдық беру арқылы бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру көзделген.

Сонымен қатар, елімізде қабылданған жаңа Конституция аясында Президент, Құрылтай, Халық Кеңесі, Астананың мәртебесі және еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы жаңа бес конституциялық заң бекітілгенін, сегіз конституциялық заңға және 60-тан астам заңға, соның ішінде, бірқатар негізгі кодекстерге түзетулер енгізілу жұмыстары жүргізілгенін жеткізді және солардың бірқатарына кеңінен тоқталып өтті:

Бірінші, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» конституциялық заңы.

Онда Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік және унитарлы мемлекет екендігі айқындалған.

Басқару үлгісі – президенттік республика. Ұлттық валютасы – теңге.

Қазақстан Республикасының Егемендігі, Тәуелсіздігі, унитарлығы, аумақтық тұтастығы мен басқару үлгісінің өзгермейтіндігін айқындады.

Заң Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық мәртебесін, өкілеттіктерін және қызметін айқындады.

Қазақстан Республикасының Президенті жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жеті жыл мерзімге бір-ақ рет сайланады (43-1 тармағы.). Жаңа қабылданған Ата Заңда, жекеленген лауазымды тұлғалар үшін бір реттік өкілеттік мерзім талабы қолданылатын конституциялық норма енгізілуіне байланысты, «Лауазымын 1995 жылғы 30 тамыздағы ҚРК-на сәйкес атқарып келе жатқан адамдар 2026 жылғы 15 наурызындағы ҚРК-да көрсетілген қызметке сайлана ала ма не лауазымға тағайындала ала ма?» деген сауалмен ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Конституциялық сотына өтінішпен

қайырылды.

Конституциялық Сот 2026 жылы 7-шілдеде №89-нқ нормативтік қаулысымен аталған мәселеге байланысты ресми түрде түсіндірме берді.

Аталған түсіндірмеде, 2026 жылғы Конституциясының 43-бабының 1-тармағына сәйкес (Қазақстан Республикасының Президенті), 72-бабының 2-тармақшасына сәйкес (Конституциялық Сот Төраға мен он судьядан тұрады өкілеттік мерзімі – 8 жыл-) және 3-тармақтарына сәйкес (Конституциялық Сот Төрағасын ҚР Президенті тағайындайды, мүшелерін құрылтай тағайындайды, мүшелерін құрылтай Президент тағайындайды), 83-бабының 1-тармағына сәйкес (Жоғарғы Сот Кеңесінің Төрағасын Жоғарғы сот кеңесінің ұсынымымен ҚР Президенті тағайындайды, өкілеттік мерзімі – 6 жыл), 84-бабының 3-тармақшасына сәйкес (Бас Прокурорды ҚР президенті тағайындайды өкілеттік мерзімі – 6 жыл) осы конституциялық нормаларда аталған лауазымдарды 1995 жылғы Конституцияға сәйкес атқарып жүрген адамдар, 2026 жылғы Конституция күшіне енгеннен кейін тиісті қызметке сайлануы не лауазымға тағайындалуы мүмкін деп түсіну керектігін айқындады.

Құқықтық реттеудің бірізділік қағидатына сәйкес бір реттік өкілеттік мерзім жөніндегі норма қазіргі Президентке де қатысты болады.

Сонымен қатар, конституциялық нормалардың аталған түсіндірмесін қандай да бір тұлғаның автоматты түрде тағайындалатынын немесе сайланатынын білдірмейді.

Ол тек тиісті тұлғаның сайлауына немесе тағайындалуына құқықтық мүмкіндігі бар екенін айқындайды.

Өздеріңізге белгілі, жоғарыда атап өтілген конституциялық нормалардың негізінде жақында Мемлекет басшысы Бас прокурорды, Жоғарғы соттың төрағасын тағайындады.

Заңның басты жаңалықтарының бірі – Вице-президент институтының құрылуы.

Қазақстан Республикасы Вице-президентінің құқықтық мәртебесін қамтамасыз ету тәртібін айқындады.

Қазақстан Республикасының Вице-президентін депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен берілген Қазақстан Республикасы Құрылтайының келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Вице-президент Құрылтаймен, Үкіметпен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде Президент атынан өкілдік етеді, сондай-ақ Президент айқындайтын өзгеде өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Екінші, «Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заң.

Құрылтайды ұйымдастыру мен оның қызметін, заң шығару процесін және Құрылтайдың өкілеттіктерін жүзеге асырудың өзге де нысандарын, оның депутаттарының құқықтық мәртебесін белгіледі.

Қазақстан Республикасының Құрылтайы заң шығару билігін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары өкілді органы болып табылады.

Құрылтай жалпыға бірдей, тең және төте сайлау негізінде жасырын дауыс беру арқылы біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалдық өкілдік жүйе бойынша (партиялық тізім бойынша) сайланатын 145 депутаттан тұрады.

Жиырма бес жасқа толған, ҚР

азаматтығы бар, оның аумағында соңғы он бес жыл бойы тұрақты тұрып жатқан адам Құрылтай депутаты бола алады.

Құрылтай депутатының өкілеттілік мерзімі – 5 жыл.

Құрылтайды мемлекеттік тілді жетік меңгерген депутаттар арасынан жасырын дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен сайланған Төраға басқарады.

Құрылтайдың өкілеттігіне тоқталатын болсақ, конституциялық заңдарды және заңдарды қабылдайды; соғыс және бітім мәселелерін шешеді; ҚР Президентінің сайлауын жариялайды; жалпы халықтық референдум өткізу туралы бастама көтереді; Қазақстан Республикасының Вице-президентін, Премьер-Министрін, Конституциялық Сот судьяларын, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелерін тағайындауға келісім береді; Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Жоғарғы Соттың судьяларын сайлау және қызметтен босату, Конституциялық Соттың, Жоғарғы Соттың судьяларын қол сұғылмау кепілдігінен айырады; жылына екі рет Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебін тыңдайды.

Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін талқылайды және бекітеді.

Құрылтай депутаттары жалпы санның кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша көпшілік даусымен Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіруге құқылы және заңда басқада өкілеттіктер айқындалған.

Үшінші, «Қазақстан Халық Кеңесі туралы» конституциялық заңы.

Қазақстан Халық Кеңесінің құқықтық мәртебесін, өкілеттігін, құрылу тәртібін, құрамын қалыптастыруды және қызметін ұйымдастыруды белгіледі.

Қазақстан Халық Кеңесі – Қазақстан Республикасы халқының мүдделерін білдіретін жоғары консультативтік орган.

Бір сөзбен айтқанда, Халық кеңесі азаматтардың саяси процеске араласу, пікір алмасу алаңы болмақ.

Қазақстан Халық Кеңесі Қазақстан Республикасының азаматтарынан құралады.

Кеңес құрамында тепе-теңдік қағидаты негізінде этномәдени және қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттары мен қоғамдық кеңестерінің атынан 42 адамнан өкілдік етеді (өңірлердің өкілдері).

Халық кеңесінің жалпы құрамы 126 мүшеден тұрады, оларды Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Қазақстан Халық Кеңесінің Төрағасы Қазақстан Халық Кеңесінің сессиясында төрт жылдық мерзімге сайланады. Халық Кеңесінің өкілеттік мерзімі төрт жылды құрайды.

Қазақстан халық кеңесінің мақсаты - мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға консультативтік тұрғыда қатысу арқылы халықтың мемлекеттік басқару саласындағы мүдделерінің білдіруін қамтамасыз ету.

Міндеті - мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары бойынша жалпы ұлттық диалогты ұйымдастырады және қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлікпен ынтымақты нығайту бағытында қызмет атқарады.

Өкілеттіктеріне тоқталатын болсақ:

- Мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары бойынша ұсыныстармен ұсынымды әзірлейді;

- Қазақстан Республикасы Құрылтайына заң жобаларын енгізеді;

- жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді және т.б.

Сонымен қатар, жаңа қабылданған Конституцияның негізінде сайлау туралы конституциялық заңға бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені жөнінде баяндалды.

Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасы Құрылтай және мәслихаттардың депутаттарын, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауға дайындық және оны өткізу кезінде, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланған мәслихаттардың депутаттарын кері шақырып алу кезінде туындайтын қатынастарды реттейді және Республика азаматтарының ерік білдіру бостандығын қамтамасыз ететін кепілдіктерді белгіледі.

Осы Конституциялық заңмен реттелетін қатынастар бабына енгізілген өзгеріс: Сенат пен Мәжіліс сөзі Құрылтай болып өзгерді.

Тиісті өзгерістер «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» заңдарға енгізілді.

Жаңа енгізілген өзгеріске сәйкес аудан әкімдері мен облыстық маңызы бар қала әкімдерін енді облыс әкімдері тиісті мәслихаттың келісімімен тағайындайды.

Сондай-ақ оларды қызметтен облыс әкімі немесе президент өз қалауы бойынша босата алады. Ал аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент ауылдық округ әкімдерін тікелей сайлау тәртібі бұрынғыдай сақталады. Заңға енгізілген тағы бір жаңалық, әкімдер тиісті әкімшілік аумақтық бірлікте тұруға міндетті болады.

Сайлау құқығы принциптеріне енгізілген өзгеріс:

Республика Президентін, Құрылтай және мәслихаттарының депутаттарын, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі.

Сайлау жүйелеріне енгізілген өзгеріс:

Құрылтай депутаттары бірінғай жалпыұлттық сайлау округінің аумағында пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша сайланады, яғни бұрынғыдай бір мандаттық сайлау жүйесі болмайды.

Ал, пропорционалды өкілдік жүйе дегеніміз, сайлаушылардың жеке кандидаттарға емес, саяси партияларға дауыс беретін сайлау жүйесі.

Президент Құрылтай сайлауын өткізу туралы жарлыққа қол қойып, ол күшіне енген күннен бастап саяси партиялар біртұтас жалпы ұлттық сайлау округінің аумағы бойынша Құрылтай депутаттығына сайлау үшін кандидат ретінде адамдарды (азаматтың партиялық тізімге енгізуге келісімі негізінде) партиялық тізімге енгізу жұмыстарын аяқтады.

Саяси партияның жоғарғы органының (съезінің) шешімімен бірге азаматтың яғни партия мүшесінің партиялық тізімге енгізуге келісімі туралы өтініші ҚР ОСК-на тіркеуге және сайлауға қатысуға жіберу туралы мәселені қарауына ұсынылды.

Ал тіркеуге бір саяси партиядан оған саяси партиялар арасында

бөлінетін депутаттық мандаттардың белгіленген санының (145+30%) отыз пайызынан аспайтын адамдар саны енгізілген бір ғана тізім жіберіледі.

Партиялық тізімге үш санат өкілдерінің: әйелдердің, жастардың, мүгедектігі бар адамдардың саны жиынтығында, оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құруға тиіс.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы заңмен айқындалған өкілеттігі шеңбері негізінде депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылған азаматтардың заң талаптарына сәйкестігін қарайды. Сайлаудың қорытындысы бойынша әр партия алған дауыстарының үлесіне қарай депутаттық мандатқа ие болады.

Сайлау органдары, олардың жүйесі мен өкілеттіктерінің мерзімі бойынша енгізілген өзгеріс:

Аумақтық сайлау комиссияларын Орталық сайлау комиссиясы, ал мәслихаттардың депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларын және учаскелік сайлау комиссияларын тиісті аумақтық сайлау комиссиялары құрады.

Яғни, Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссиялары таратылатын болады.

Аумақтық сайлау комиссиясының өкілеттігі күшейтіліп:

Осы Конституциялық заңда көзделген жағдайларда мәслихат депутаттарын, әкімді сайлауды жекелеген сайлау учаскелерінде өткізуді жарамсыз деп танитындығы туралы қосымша өкілеттілік берілді.

Яғни, сайлау процесі барысында заң талаптарын өрескел бұзушылықтар орын алған жағдайда, аумақтық сайлау комиссиясы сол учаскенің жұмысын жарамсыз деп табады.

Сайлау комиссиясы мүшесінің мәртебесіне байланысты:

Бұрынғы заңда сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен өтетін емес немесе алып тасталмаған адам сайлау комиссиясының мүшесі бола алмайтындығы айқындалған болатын. Бұл тармаққа қосымша сыбайлас жемқорлық қылмысын немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағаны үшін кінәсі заңда белгіленген тәртіппен сот арқылы танылған адам сайлау комиссиясының мүшесі бола алмайтындығымен толықтырылды.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар азамат сайлау комиссиясының мүшесі бола алмайды.

Серғали Өмірзақұлы жиналғандарға осындай жаңа жақты мағлұмат берді. Сөз соңында кездесуде жоғарыда қабылданған өзгерістер мен толықтырулар енгізілген заңдардың барлығына тоқталу мүмкін емес екенін айта келе, облыстық сайлау комиссиясы сайлаушыларға сайлау процесін ұйымдастыруға және өткізуге қатысты заңдар мен заңнамалық актілерді түсіндіру және Құрылтай сайлауына байланысты ақпараттандыру жұмыстарын БАҚ, әлеуметтік желілер мен сайлау комиссияларының сайттары арқылы да ұйымдастырылып жатқанын жеткізді.

Кездесуде қатысушылар заңнамадағы өзгерістер бойынша өз пікірлерімен алмасып, көкейлеріндегі сауалдарын қойып, тиісті жауаптар алды.

Кездесу соңында облыстық сайлау комиссиясының төрағасы жаңа заңнаманы түсіндіру және алдағы Құрылтай сайлауына қатысты халықты ақпараттандыру жұмыстары тұрақты түрде жалғасатынын атап өтті.

Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы.

ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫНА ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ШТАБ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Жамбыл ауданы әкімдігінің ғимаратында 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауына дайындық мәселелері бойынша штаб отырысы өтті.

Жиынға облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Айдапкелов, облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Бекжан Кеңесбек, аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы, құқық қорғау органдары және Құрылтай сайлауын даярлау мен өткізуге уәкілетті мемлекеттік органдардың басшылары, штаб мүшелері мен ауылдық округ әкімдері қатысты.

Күн тәртібіне сәйкес жауапты сала басшылары өз бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы есеп беріп, сайлау науқанын заң талаптарына сәйкес ұйымдастыру жөніндегі дайындық барысын талқылады.

Штаб отырысында аудан әкімі аппаратының басшысы сайлаушылар тізімін нақтылау жұмыстарының барысы, жаңадан ашылған сайлау учаскелерінің дайындығы, учаскелерде жүргізіліп жатқан ағымдағы жөндеу жұмыстары, сондай-ақ сайлаушылардың өтініштері мен

сайлаушылар тізіміне қатысты сұрақтарына жедел жауап беру мақсатында ұйымдастырылған Call-орталықтың жұмысы туралы жан-жақты ақпарат берді.

Сонымен қатар, сайлау учаскелерінің материалдық-техникалық дайындығы мен сайлау күні олардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан шаралар, ақпараттық сүйемелдеу жұмыстары жөнінде баяндалды. Атап айтқанда, сайлауға қатысты ақпараттық баннерлерді орналастыру, ресми интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерде инфографикалық және түсіндірме материалдарды тұрақты жариялау, сондай-ақ аудио және бейнероликтердің әлеуметтік желілерде жарияланып жатқанына тоқталды.

Сондай-ақ сайлау учаскелеріндегі телефон байланысы мен интернет желісінің сапасы және жылдамдығы мәселесіне ерекше назар аударды. Олардың

тұрақты әрі үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін жұмыстар жүргізіліп жатқанын және анықталған техникалық ақауларды жедел жою және байланыс сапасын жақсарту бойынша тиісті шаралар қабылданып жатқанын жеткізді.

Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы сайлауға дайындық барысында жүргізіліп жатқан ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының барысы туралы баяндама жасады. Баяндамада аудан тұрғындары арасында сайлау заңнамасының талаптарын түсіндіру, азаматтардың сайлау науқанына белсенді қатысуын қамтамасыз ету, ақпараттық кездесулер ұйымдастыру, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы ақпараттық жұмыстарды күшейту бағытында атқарылып жатқан іс-шараларға кеңінен тоқталды.

Ал аудан әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы мүгедектігі бар азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету, дауыс беру үшін сайлау учаскелерінде қолайлы жағдай жасау, оның ішінде дауыс беру күні инвентаризациямен

ұйымдастыру және шалғай ауылдық округтердегі мүгедектігі бар азаматтардың сайлау құқықтарын іске асыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтып өтті.

Өз кезегінде аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы сайлау науқанына дайындық барысы туралы баяндама жасап, сайлау процесінің заң талаптарына сәйкес ұйымдастырылуының маңыздылығына тоқталды.

Ал, аудандық полиция бөлімінің басшысы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және шақыру қағаздарын тарату барысында туындайтын мәселелерде сайлау комиссияларына қолдау шараларын көрсететінін жеткізді.

Облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Айдапкелов сайлау процесінің ашықтығын, заңдылығын және әділдігін қамтамасыз етудің маңыздылығына тоқталып, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарын сайлауын ақпараттық сүйемелдеуге арналған медиа-жоспарында айқындалған

бағыттардың, атап айтқанда, «Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау туралы», «Азаматтарды сайлаушылар тізімдеріне енгізу туралы», «Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі» модульдарының тиісті әкімшілік аумақтарда орындалуына назар аударды.

Сонымен қатар жауапты сала басшыларының баяндамаларында қамтылмаған өзекті мәселелерді көтеріп, оларды орындау бойынша заң талаптарына сәйкес нұсқаулықтар мен ұсыныстар берді.

Жиын соңында аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы жауапты мекемелерге сайлауға дайындық жұмыстарын сапалы жүргізуді, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтуді, жүктелген міндеттердің уақтылы әрі толық орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Бұл ретте штаб отырысында көтерілген барлық мәселе мен берілген тапсырмаларды хаттамаға енгізіп, олардың орындалуын бақылауда ұстауды міндеттеді.

Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясы.

Соңы. Басы 1-бетте

САЯСИ НАУҚАНҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

– Сайлау учаскелерінің дайындығын қалай бағалайсыз?

– Қазіргі таңда аудан аумағындағы барлық сайлау учаскелерінің дайындығына тұрақты мониторинг жүргізілуде. Сайлау учаскелерінің материалдық-техникалық жабдықталуы, дауыс беруге арналған кабиналардың, жәшіктердің, ақпараттық стендтердің және байланыс құралдарының жағдайы зерделеніп, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету шаралары қабылданады.

Жоғарыда айтып өткендей, мүгедектігі бар азаматтардың кедергісіз дауыс беруіне жағдай жасау мәселесіне ерекше көңіл бөлінген. Осы мақсатта аудандық аумақтық сайлау комиссиясының жанынан мүгедектігі бар адамдардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тобымен пандустардың,

арнайы кабиналардың және қажетті инфрақұрылымның болуы зерделеніп, анықталған кемшіліктерді жою бойынша тиісті шаралар қабылданады. Жалпы сайлау учаскелерінің дайындығы белгіленген талаптарға сәйкес қамтамасыз етілуде.

– Сайлау науқанын ақпараттық сүйемелдеу қалай жүзеге асырылуда?

– Сайлау науқанын ақпараттық сүйемелдеу Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының бекітілген медиа-жоспарына сәйкес жүзеге асырылуда. Ақпараттық жұмыстардың негізгі мақсаты – азаматтарды сайлау науқанының кезеңдері, сайлаушылардың құқықтары мен міндеттері, дауыс беру тәртібі және сайлау заңнамасының талаптар туралы жан-жақты хабардар ету. Осы бағытта тұрғындарды

ақпараттандыру мақсатында Құрылтай депутаттары сайлауын ұйымдастыру мен өткізу кезеңінде аудан аумағындағы ауылдық округ орталықтарында 3 билбордтан 39 билборд (баннер), 2-ші толқында әр елді мекенде 2 билбордтан 36 билборд, жалпы саны 75 билборд орналастырылды. Сондай-ақ 36 үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған тактайша орналастырылып, бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар мен сұхбаттар, әлеуметтік желілерде бейнероликтер жарияланды. Барлық ақпараттық жұмыстар сайлаудың ашықтығын, жариялылығын және азаматтардың сайлау процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған.

– Өңгімеңізге рақмет.

**Сұхбаттасқан
Ильяс ҚАЛЫБЕКҰЛЫ.**

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ



Жамбыл ауданының 2026 жылғы қаңтар-маусым айларындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы

2026 жылғы 1 маусымға Жамбыл ауданының халық саны 50892 адамды құрады.

Ауданда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен негізінен шаруа қожалықтары мен жұртшылық шаруашылықтары айналысады. Есепті мерзім ішінде төрт түліктің барлық түрінің өнімдерін қоса есептегенде 2999,5 тонна ет, 12549,6 тонна сүт, 23522,5 мың жұмыртқа алынды. Мал басын өз төлдері есебінен көбейту арқылы мүйізді ірі қара мал саны 30399 басқа, қой 254137 басқа, ешкі 9469 басқа, жылқы 21068 басқа, түйе 71 басқа, үй құстары 588102-ге жетті.

2026 жылғы қаңтар-маусым айларында өнеркәсіп кәсіпорындарымен (шағын кәсіпорындар,

қосалқы өндіріс және үй шаруашылықтарын қосқанда) 25096,4 млн теңгенің өнеркәсіп өнімдері өндірілді. Өнеркәсіптік өндірістің индексі 2025 жылғы сәйкес кезеңге 102,9 пайызды құрады.

Аудан бойынша қаңтар-маусым айларында негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 21293,6 млн теңгені, пайдалануға берілген тұрғын үйлер 23923 шаршы метрді, құрылыс жұмыстарының көлемі 5959,3 млн теңгені құрады.

Есепті мерзім ішінде ауданда бөлшек сауданың көлемі 10621,5 млн теңгені құрап, оның ішінде азық-түлік тауарлары 938,3 млн теңгеге, азық-түлік емес тауарлар 9683,3 млн теңгеге сатылды.

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2026 жылғы 22 шілде

№714

Аса ауылы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 84, 85-баптары, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6-тарауы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31, 37-баптары негізінде Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бесағаш елді мекенінің кеңейтілген Бас жоспары бойынша елді мекен аумағына енген қосымшаға сәйкес жер пайдаланушының жерін мемлекет мұқтажына алып қоюға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару жұмыстары басталсын.

2. Мемлекет мұқтажына алып қоюға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың келісім рәсімдерін жүзеге асыруға және жер пайдаланушының жүгінетін орны «Жамбыл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, мекенжайы Аса ауылы, Абай көшесі, №127, байланыс телефондары 2-13-53, 2-22-69 деп көрсетілсін.

3. Жер пайдаланушымен келіссөзді немесе жер учаскесін сатып алу бойынша

келісімшартты жүргізу, жер учаскесінің орнына тең бағалы жер учаскесін беру туралы және бағалау бойынша іс-шараларын ұйымдастыру «Жамбыл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (Ұ. Асылбеков) тапсырылсын.

4. Жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін алып қойылатын жер пайдаланушы осы қаулымен келіспеген жағдайда хабарлама алған кезден бастап үш ай өткеннен кейін, (қаулыда айқындалған мәжбүрлеп иеліктен шығаруды жүзеге асыру мерзімінен) кешіктірмей жергілікті атқарушы органға жер учаскесін мемлекет мұқтажына алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

5. Мәжбүрлеп иеліктен шығару күні осы қаулының ресми жариялау күнінен үш айдан кейін іске асады.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Мұхашевке жүктелсін.

**Жамбыл ауданының әкімі
Е. ҚЫДЫРАЛЫҰЛЫ.**

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2026 жылғы 22 шілде

№715

Аса ауылы

Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 84-бабы 2-тармағының 4-1) тармақшасы, 85-бабы, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6-тарауы, Қазақстан Республикасы «Жайылымдар туралы» Заңының 15-бабының 1-тармағы және 2-тармағының 2-бөлігі, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6-тарауы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31, 37-баптарының негізінде Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтастау ауылдық округіне қарасты Шоқай елді мекенінің жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін халықтың жайылымдық алқаптарға деген мұқтажын қанағаттандыру мақсатында қосымшаға сәйкес жер пайдаланушының жерлерін мемлекет мұқтажына алып қоюға байланысты, жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару жұмыстары басталсын.

2. Мемлекет мұқтажына алып қоюға байланысты, жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың келісім рәсімдерін жүзеге асыруға және жер пайдаланушының жүгінетін орны «Жамбыл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, мекенжайы Аса ауылы, Абай көшесі, №127, байланыс телефоны 8 (72633) 2-22-69 деп көрсетілсін.

3. Жер пайдаланушымен келіссөзді немесе жер учаскелерін сатып алу бойынша келісім шартты жүргізу, жер учаскелерінің орнына тең бағалы жер учаскелерін беру туралы және бағалау бойынша іс-шараларын ұйымдастыру мен жер учаскелерін сатып алу туралы келісімшартындағы көрсетілген қаражаттарды уақытылы аудару «Жамбыл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (Ұ. Асылбеков) тапсырылсын.

4. Жер учаскелері мемлекет мұқтажы үшін алып қойылатын жер пайдаланушы осы қаулымен келіспеген жағдайда хабарлама алған кезден бастап үш ай өткеннен кейін, (қаулыда айқындалған мәжбүрлеп иеліктен шығаруды жүзеге асыру мерзімінен) кешіктірмей жергілікті атқарушы органға жер учаскелерін мемлекет мұқтажына алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

5. Мәжбүрлеп иеліктен шығару күні осы қаулының ресми жариялау күнінен үш айдан кейін іске асады.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Мұхашевке жүктелсін.

**Жамбыл ауданының әкімі
Е. ҚЫДЫРАЛЫҰЛЫ**

Соңы. Басы 1-бетте

Мұхтар Бекзатұлы кейде балалық шағына оралғанда бір оқиғаны ерекше тебіреніспен еске алады. Колхоздың шөбін жинап жүрген балаларды агроном тоқтатып, жинаған шөптерін тастатып жібереді. Намысы қайралып кеткен бала Мұхтар сол кезде: «Үлкейгенде мен де сіз сияқты агроном боламын!» деп айтып қалыпты. Сол бір аңғал сөздің астарында үлкен арман жатқанын ол кезде өзі де аңғармаған шығар. Бірақ дәл сол сәт оның өміріндегі алғашқы мақсаттың бастауы болды.

Отбасындағы тәрбие де оның өмір жолына айрықша ықпал етті. Әкесі Бекзат қарапайым темір жолшы еді. Әкесінің: «Сабақты жақсы оқымасаң, сен де мен сияқты темір жонып, қолыңның кірін ағашпен қырып отырасың» деген бірауыз сөзі Мұхтардың жүрегіне өмір бойына өшпестей болып жазылып қалғандай. Кейін өзі: «Әкемнің сол сөздері менің санама үлкен серпіліс берді. Ол маған өмірдің ең үлкен сабағын өз еңбегімен үйретті» деп жиі айтады. Анасы Дәмелі де – отбасының ұйытқысы, мейірімі мен даналығы арқылы перзенттерінің бойына адамгершілік пен ізгіліктің дәнін сепкен асыл жан.

Мектеп қабырғасынан бастап ауыл шаруашылығына деген қызығушылығы арта түсіп, арман жетелеген жас Еңбек Қызыл Ту орденді Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтына оқуға түсіп, зоотехник мамандығын меңгерді. Студенттік жылдары озат оқумен қатар қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүріп, спортта да үздіктер қатарынан көрінді. Табандылығы мен ұйымдастырушылық қабілеті оны қатарластары арасында сыйлы етті.

Еңбек жолын ешқашан дайын лауазымнан бастаған жоқ. Қарапайым еңбеккер ретінде ауыл шаруашылығының барлық қиындығын бастан өткерді. Егістіктің де, қыстағы қораның да, шаруашылықтың да ыстығы мен суығын қатар көрді. Сондықтан кейін басшылық қызметке келгенде қарапайым еңбек адамының жан дүниесін жақсы түсінді, бағалай білді.

Он бес жыл бойы «Қаракөмер» өндірістік кооперативінің, «Ақниет» шаруа қожалығының төрағасы болып еңбек ету – кез келген азаматтың маңдайына бұйыра бермейтін үлкен жауапкершілік. Елдегі өтпелі кезеңнің қиындығы, экономикалық өзгерістер, ауыл шаруашылығының ауыр ахуалы – мұның бәрі басыңдан ерекше сабыр мен іскерлікті талап етті. Ол ешқандай қиындықтан қашқан жоқ. Қайта елдің еңсесін тіктеу жолында аянбай тер төкті. Кейін Көлқайнар және Тоғызтарау ауылдық округтерінің әкімі ретінде он екі жыл бойы халықпен бірге болып, ауылдардың әлеуметтік мәселелерін

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҰҒЫРЫН БИІКТЕТКЕН



шешуге, инфрақұрылымын жақсартуға, тұрғындардың тұрмысын көтеруге күш салды. Ал бүгінде Жамбыл аудандық мәслихатының төрағасы ретінде өңірдің өркендеуіне өз үлесін қосып келеді.

Мұхтар Бекзатұлы ешқашан қызметті билік құралы деп қабылдаған емес. Оның түсінігінде басшының басты міндеті – халыққа қызмет ету. Сондықтан да қызмет барысында ешкімді жұмыстан шығармауға тырысқанын жиі айтады. «Қателескен адамды жазалау оңай, ал оны үйретіп, дұрыс жолға салу әлдеқайда қиын. Мен ерқашан адамды сақтап қалуға тырысамын», – дейді ол. Бұл Мұхтар ағаның адами болмысының айқын көрінісі екенін дәлелдей түседі.

Болмысы бөлек, әрқашан көңілді жүретін жаны жайсаң Мұхтар ағаның өмір жолында қуанышпен қатар сынақтар да аз болған жоқ. Желтоқсан оқиғасына қатысқан азамат ретінде әділетсіздіктің де ащы дәмін татты. Кейін қызмет барысында да жалған айыптауларға ұшырады. Бірақ ешқашан адал жолдан тайған жоқ. «Аққа Құдай жақ» деген халық даналығын өмірлік ұстанымына айналдырып, барлық қиындықты сабырмен еңсерді. Оның өміріндегі ең үлкен күш ар алдындағы тазалығы мен халықтың сенімі болды.

Ол тағдыр қосқан Айгүл Жақсылыковамен шаңырақ көтеріп, бүгінде жеті бала тәрбиелеп отырған өнегелі әулетке айналды.

Айгүл – отбасының ғана емес, ауылдың да қадірлі

ұстазы. Мектепте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болса, шаңырақта қазақы тәрбиенің алтын қазығы. Жыл он екі ай бие сауып, қымызын дайындап, құрт-майын жасап, қазақтың дархан дастарқанын

жүрегіне қуаныш ұялатады. Өйткені туған жерге қызмет ету – әулеттен әулетке жалғасқан аманаты болуы тиіс деп есептейді.

Мұхтар Бекзатұлы туған ауылы туралы сөз қозғағанда



дәріптеп отырған жан. «Қымыз сұрап келген адамның бетін қайтарған емеспіз» деген Мұхтар Бекзатұлының сөзі бұл отбасының кеңпейілдігін айқын аңғартады.

Балалары да ата-анасының тәлімін бойына сіңіріп өсуде. Әсіресе ұлы Бақдәулеттің туған жердің табиғатын әлемге танытуды мақсат еткені әкенің

ерекше толқиды. «Қалаға қонаққа барсам да, ауылға асығамын. Жұмыстан шаршап келсем, атқа мініп, ауылды бір айналып шықсам болды, жан дүнием тынышталады. Бұл сезімді ешқандай байлыққа айырбастай алмаймын», – дейді. Осы бір қарапайым сөздердің өзінен туған жерге деген өлшеусіз махаббатты,

перзенттік адалдықты көруге болады.

Бүгінде жастардың ауыл тіршілігінен алыстап бара жатқаны оны толғандырады. Сондықтан әр кездесуде еңбектің қадірін айтудан жалықпайды. «Баланы кішкентайынан еңбекке баулу керек. Малдың бейнетін көрген, маңдай термен келген астың қадірін білген бала ертең елін де, жерін де сүйеді. Бізге байлықтан бұрын рухани қуатты ұрпақ керек» деген пікірлерді көп айтады жастармен кездесулерде.

Ұзақ жылғы адал еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Ол 1999-2007 жылдары екінші және үшінші шақырылым Жамбыл аудандық мәслихатының депутаты болды. Қазақстан Республикасы Парламентінің 10 жылдығына арналған мерекелік медальмен, кейін Парламенттің 20 жылдық мерекелік медалімен марапатталды. Жамбыл ауданы әкімінің Алғыс хатына, Жамбыл облысы әкімінің Құрмет грамотасына ие болды. Мәслихаттардың құрылғанына 30 жыл толуына арналған мерекелік медальмен наградталды. 2026 жылы «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі мен Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатын алуы оның халық игілігі жолындағы табанды еңбегіне берілген жоғары баға болса керек.

Асқаралы 60 жасқа толған Мұхтар ағаның өмір жолына зер салғанда, бір нәрсе анық аңғарылады. Ол – қызметтің биігіне ұмтылған адам емес,

елдің биіктеуіне күш салған азамат. Ол қай қызметте жүрсе де, туған жердің тамырымен байланысын үзген жоқ. Оның жүріп өткен жолы кейінгі буынға шамшырақ, туған елдің топырағына адал болудың, еңбекпен абырой табудың, халық сенімін ақтаудың жарқын үлгісі боларына еш шүбә келтіре алмайсыз.

Меншік иесі:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Директор:
Айман ТЛЕУКЕЕВА

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98
Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

Бас редактордың
орынбасары:

Жауапты хатшы:

Тілшілер:

Дизайнер-теруші:

Бас редактордың

орынбасары:

Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Шұғыла АҚШАБАЙ

Ғалия АЛИЕВА

2-20-24

2-13-44

87059774177

87474240395

87770284244

87075853423

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №КЗ87VPY00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 1996 Тапсырыс №509

Нөмірдің кезекшісі: Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үй.